

Кәсіподақтың 2023 жылғы құқық қорғау жұмысының қорытындылары туралы АҚПАРАТ

2023 жылы құқық қорғау жұмыстары, басқа да қызмет бағыттары сынды XIV Съездің қағидаларымен, 2019-2024 жылдарға арналған Кәсіподақ қызметінің Бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды және Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталды.

Кәсіподақтар алдында тұрған міндеттерін білікті құқықтық қолдаусыз тиімді шешу мүмкін емес.

Белгіленген уақытқа (2024 жылғы 20 қаңтар) Құқықтық қызмет жұмыстарының нәтижесі туралы түсіндірме жазбасымен берілетін есеп Кәсіподақтың **16** мүшелік ұйымдарынан келіп түсті, **4** есеп (Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жетісу облыстық ұйымдары мен Шымкент қалалық ұйымы) тапсыру уақытынан кеш ұсынылды.

Салалық кәсіподақтың 2023 жылғы құқықтық қызметі бойынша есебін талдау үшін мүшелік ұйымдар бойынша сандық және сапалық көрсеткіштерінің талдауы 1-ші және 2-ші кестелерде жинақталды.

2024 жылдың 1 қаңтарына штаттық кәсіподақ заңгерлерінің саны 2022 жылмен салыстырғанда 1 бірлікке (Абай обл. – 1) артып, барлығы **46** адамды құрады.

Нақты қажеттіліктің бар болу салдарына қарамастан, кейбір мүшелік ұйымдар өз қызметіндегі құқықтық жұмыстың күшейтілуіне бүгінгі күнге дейін жеткілікті деңгейде мән бермей отыр.

Яғни, бүгінгі күнге Ақмола облыстық ұйымы мүшелерінің саны (**35 407 адам**) жағынан Салалық кәсіподақта 3-ші орында тұрғанына қарамастан, сонымен қоса Шымкент қалалық ұйымында (**13 937 адам**) және «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымында (**10 003 адам**) кәсіподақ мүшелерінің құрамына қарамастан құқықтық жұмыстар жөніндегі маман мүлдем жоқ. Мысалы, **26 998** жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшелері бар Қарағанды облыстық ұйымының штатында **4** заңгер, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстық ұйымдарында **2** заңгерден бар.

Бұл жерде ескере кететін жағдай, қызметкерлерге қажетті көмектің ішіндегі ең сұранысы басым, ол – құқықтық кеңес беру, құқықтық оқыту, құқықтық қорғау процедураларын заңды тұрғыда көмек көрсету.

Қызметкерлерді қорғаудың бір тиімді жолы – өтінім-арыздарды дұрыс қарау және құқықтық кеңес беру қызметін көрсету.

Есепті жыл ішінде кәсіподақ мүшелерінің жалпы **47 565** өтініш-арыздары (2022 жылы – 37 662) қаралды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда **26,3%** артық. Өтініштердің ең басым бөлігі еңбекақы төленуіне – **17 440** (16 733), еңбек және ұжымдық шарт талаптарының орындалмауына байланысты – **3 764** (1 059).

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы мүшелік ұйымдарының 2023 жылғы құқықтық қызмет жұмыстарының нәтижелері туралы есеп

№	Көрсеткіштер	Абай	Ақмола	Ақтөбе	Алматы Үстат	Алматы	Астана қ.	Атырау	ШҚО	Жамбыл	Жетісу	БҚО	Қарағанды Балқаш	Қарасай	Қостанай Қорғау	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	СКО	Түркістан	Шымкент	Барлығы
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	
1.	Құқықтық еңбек инспекторларының саны (сангерлер)	3	1	2	1	0	2	2	2	13	1	1	4	1	0	2	2	1	1	1	0	46
2.	Барлығы өтініштер қаралды, оның ішінде электронды пошта арқылы түскендері, төмендегі сұрақтар бойынша:	107	169	3197	3653	137	96	228	952	15723	252	1131	1378	150	173	1706	1161	574	1389	748	21	47 565
2.1	еңбекақы төлеу	47	123	2080	1940	132	75	68	340	4049	76	623	292	80	27	751	339	219	365	602	0	17 440
2.2	еңбек шартын бұзу	11	0	13	189	0	1	8	36	713	4	40	37	2	22	0	67	63	119	0	0	2 596
2.3	Еңбек/ұжымдық шарттар талаптарын орындамау	7	11	72	1147	0	0	1	160	983	31	34	136	5	0	60	63	28	56	28	2	3 764
2.4	кәсіподақ органдарының жұмысы	1	0	1	190	0	0	16	9	168	15	295	14	39	26	247	138	10	127	60	1	1 576
2.5	еңбек қауіпсіздігі және қорғау	4	5	68	0	0	0	2	45	402	9	0	7	5	0	277	13	55	55	0	5	1 467
2.6	басқа мәселелер	37	30	963	187	5	20	133	362	9408	117	139	892	19	98	371	541	199	667	58	13	20 722
2.7	оның ішінде мемлекеттік еңбек инспекторларымен жіберілгендері, олармен жұмыс берушілердің орындауы үшін мәңгілік ұйырымдар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша толтырылған хаттамалар мен қаулылар, әкімшілік жаза қолданылғандары	3	0	13	0	0	0	0	0	1	0	6	1	0	0	0	0	0	0	5	3	73
3	келісу комиссияларының саны	401	757	610	455	16	230	423	538	791	477	547	480	59	158	572	324	586	556	196	95	8 282
4.	Құқықтық көмек көрсетілі:	941	113	3201	143	88	141	300	725	6047	139	798	616	149	24	1243	1422	392	501	251	116	21 221
4.1	келісу комиссиясында	35	17	10	2	0	1	9	9	62	26	43	4	4	6	85	28	16	30	107	43	547
4.2	сотта	1	0	2	1	0	0	2	7	13	1	4	8	0	0	0	0	0	0	0	0	42
4.2.1	оның ішінде толығымен немесе жартылай шешілген істер	1	0	2	1	0	0	2	2	5	0	4	5	0	0	0	0	0	0	0	0	25
4.2.2	жұмысқа қайта орналастырылғандары	1	0	5	1		0	0	2	2	0	4	1	1	1	0	2	9	0	0	0	32
4.3	жеке қабылдауда	905	94	923	55	88	72	261	573	4640	51	246	559	135	6	391	397	286	292	29	47	10 128
4.4	баспасөз ақпарат құралдарында (БАҚ)	0	2	3	0	0	0	19	6	32	41	0	1	0	0	0	0	21	29	3	4	191
4.5	компьютерлік желі Интернет торабында	0	0	2263	85	0	68	9	130	1300	20	505	44	10	12	767	997	69	150	112	22	10 313
5	Еңбек заңнамасының орындалуына бақылау жасалған ұйымдар саны (барлығы)	67	66	246	27	15	50	104	70	521	38	81	132	20	0	191	15	327	109	3	8	2 101
6.	Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтар (барлығы), оның ішінде:	39	8	989	20	0	63	68	76	1454	4	138	134	10	0	387	83	91	99	0	33	3 727
6.1	еңбекақы төлеуге қатысты	12	4	432	8	0	9	34	33	259	2	40	35	10	0	327	45	42	42	0	13	1 354
6.2	жұмыс және тынығу уақыты режимі бойынша	7	0	43	2	0	8	0	15	143	0	35	12	0	0	21	19	16	20	0	7	354
6.3	еңбек қатынастарын рәсімдеу бойынша	8	4	243	8	0	9	19	16	378	2	42	26	0	0	32	3	10	37	0	4	857
6.4	басқа да бұзушылықтар	12	0	271	2	0	37	15	12	674	0	21	61	0	0	7	16	23	0	0	9	1 162
7.	Бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс берушілерге жіберілген ұсыныстар	28	6	208	20	0	37	27	47	495	0	16	131	1	0	76	35	0	54	0	5	1 208
7.1	бұзушылықтардың жойылғандығы жөніндегі жауаптар	28	6	208	20	0	35	13	45	388	0	10	108	1	0	67	33	0	54	0	5	1 041
8.	Кәсіподақ органдарының таланттары бойынша кәсіподақ мүшелерінен заңсыз ұсталған немесе төленбеген қаржылар сомасы (теңге)	89 410 500	5 500 000	8 059 709	65 334 338	0	4 867 535	11 002 647	20 491 241	110 279 424	0	2 319 850	12 000 170	3 548 000	0	45 062 000	74 596 100	225 502 794	8 250 403	8 704 023	0	694 928 734
9.	Құқықтық сұрақтар бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымдарына әзірленген әдістемелік ұсынымдар	3	3	3	0	0	0	0	6	0	0	0	3	0	0	10	5	0	14	0	12	73
10.	Құқықтық қызмет жұмыстарының экономикалық тиімділігі (теңге)	89 670 000	5 500 000	28 816 486	65 334 338	0	4 867 535	11 002 647	20 491 241	404 776 380	0	2 319 850	12 000 170	3 548 000	0	45 062 000	74 596 100	225 502 794	8 250 403	21 337 866	0	1 023 075 811
11.	Кәсіподақ өкілдерінің қатысуымен қарастырылған еңбек даулары:	23	33	43	2	0	2	7	11	63	16	2	8	1	17	2	32	0	82	21	15	384
11.1	жеке	23	33	43	2	0	2	7	11	62	16	2	8	1	17	2	32	0	82	21	15	383
11.2	ұжымдық	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1

Құқықтық қызмет жұмыстарының 2022-2023 жылдар кезеңіне талданған нәтижесі туралы

№	Көрсеткіштер	2022 жыл	2023 жыл	+/-	%
1.	Құқықтық еңбек инспекторларының саны (заңгерлер)	45	46	1	2,2%
2.	Барлығы өтініштер қаралды, оның ішінде электронды пошта арқылы түскендері, төмендегі сұрақтар бойынша:	37 662	47 565	9 903	26,3%
2.1	еңбекақы төлеу	16 733	17 440	707	4,2%
2.2	еңбек шартын бұзу	1 059	2 596	1 537	145,1%
2.3	Еңбек/ұжымдық шарттар талаптарын орындамау	1 541	3 764	2 223	144,3%
2.4	кәсіподақ органдарының жұмысы	1 350	1 576	226	16,7%
2.5	еңбек қауіпсіздігі және қорғау	1 042	1 467	425	40,8%
2.6	басқа мәселелер	15 937	20 722	4 785	30,0%
2.7	оның ішінде мемлекеттік еңбек инспекторларымен жіберілгендері, олармен жұмыс берушілердің орындауы үшін міндетті ұйғарымдар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша толтырылған хаттамалар мен қаулылар, әкімшілік жаза қолданылғандары	65	73	8	12,3%
3	келісу комиссияларының саны	9 060	8 282	-778	-8,6%
4.	Құқықтық көмек көрсетілді:	32 399	21 221	-11 178	-34,5%
4.1	келісу комиссиясында	394	547	153	38,8%
4.2	сотта	33	42	9	27,3%
4.2.1	оның ішінде толығымен немесе жартылай шешілген істер	28	25	-3	-10,7%
4.2.2	жұмысқа қайта орналастырылғандары	17	32	15	88,2%
4.3	жеке қабылдауда	10 732	10 128	-604	-5,6%
4.4	баспасөз ақпарат құралдарында (БАҚ)	220	191	-29	-13,2%
4.5	компьютерлік желі Интернет торабында	21 020	10313	-10 707	-50,9%
5	Еңбек заңнамасының орындалуына бақылау жасалған ұйымдар саны (барлығы)	2 358	2 101	-257	-10,9%
6.	Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтар (барлығы), оның ішінде:	4 509	3 727	-782	-17,3%
6.1	еңбекақы төлеуге қатысты	1 425	1 354	-71	-5,0%
6.2	жұмыс және тынығу уақыты режимі бойынша	448	354	-94	-21,0%

6.3	еңбек қатынастарын рәсімдеу бойынша	1 237	857	-380	-30,7%
6.4	басқа да бұзушылықтар	1 399	1 162	-237	-16,9%
7.	Бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс берушілерге жіберілген ұсыныстар	1 505	1 208	-297	-19,7%
7.1	бұзушылықтардың жойылғандығы жөніндегі жауаптар	1 356	1041	-315	-23,2%
8.	Кәсіподақ органдарының талаптары бойынша кәсіподақ мүшелерінен заңсыз ұсталған немесе төленбеген қаражаттар сомасы (теңге)	1 177 021 269	694 928 734	-482 092 535	-41,0%
9.	Құқықтық сұрақтар бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымдарына әзірленген әдістемелік ұсынымдар	95	73	-22	-23,2%
10.	Құқықтық қызмет жұмыстарының экономикалық тиімділігі (теңге)	1 435 307 964	1 023 075 811	-412 232 153	-28,7%
11.	Кәсіподақ өкілдерінің қатысуымен қарастырылған еңбек даулары:	449	384	-65	-14,5%
11.1	жеке	449	383	-66	-14,7%
11.2	ұжымдық	0	1	1	

Республика бойынша орташа есеппен 1 заңгерге **1 034** (47 565/46) өтініштен келеді.

Мүшелік ұйымдардың ішінде 1 заңгерге түскен өтініштердің ең көп саны «Ұстаз» Алматы қалалық ұйымына – **3 653**, Ақтөбе облысына – **1 599**, Солтүстік Қазақстан облысына – **1 389**, Жамбыл облысына – **1 209**, Батыс Қазақстан облысына – **1 131**.

Өткен жылы көрсетілген тегін құқықтық кеңес беру саны - **21 221** құрады. Zoom платформасы арқылы топтық кеңес беру жұмыстары сияқты жұмыс түрлері кеңінен қолданылуда.

Кәсіподақ заңгерлерімен келісу комиссияларында жеке еңбек дауларын қарау **547** (394) жағдайды құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда **38,8%** өсімді құрады, сотта **42** (33) жағдай бойынша құқықтық көмек көрсетілді.

Есепті жылда құқықтық қызметтің көмегімен **32** заңсыз жұмыстан босатылған қызметкерлер - кәсіподақ мүшелері өз жұмыстарына қайта орналастырылды, оның ішінде: Ақтөбе облысында – **5** (2 адам – сот арқылы, 3 адам – келісу комиссиясы арқылы), Жамбыл облысында – **2** (сот арқылы – 1 адам, келісу комиссиясы арқылы – 1 адам), Шығыс Қазақстан облысында – **2**, (сот арқылы – 1 адам, келіссөздер жүргізу арқылы – 1 адам), Батыс Қазақстан облысында – **4** (медиативті келісім арқылы), Маңғыстау облысында – **2** (келісу комиссиясы арқылы), Қарағанды облысында – **1** (келісу комиссиясы арқылы), «Ұстаз» Алматы қалалық ұйымында – **1** (сот арқылы) және келіссөздер жүргізу арқылы Павлодар облыстық ұйымында – **9**, «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымында – **1**, Абай облыстық ұйымында – **1**, Қарасай ауданында – **1**, Орталық комитетте – **3** (Ақтөбе, Алматы, Шымкент).

Қоғамдық бақылау құқықтық қорғаудың ең тиімді және маңызды түрі болып қала береді. 2023 жылы еңбек заңнамасының орындалуын қоғамдық бақылау бойынша **2 101** тексеру жүргізілді. Бақылау барысында **3 727** еңбек заңнамасын бұзу фактісі анықталды. Оның **1 354** еңбекақыға, **857** еңбек қатынастарын ресімдеу және **354** жұмыс уақыты мен демалыс уақытына қатысты.

Жалпы санның ішінде, еңбек заңнамасын бұзушылық құрылымында жалпы ең көп бөлігін еңбекақыны төлеуді бұзу – **36,3%** (1354/3727) және еңбек қатынастарын ресімдеу – **23%** (857/3 727) құрайды. Анықталған құқық бұзушылықтардың құрылымын талдау негізінде әлеуметтік әріптестермен бірлесіп, еңбекақы төлеу мен еңбек қатынастарын ресімдеу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру бойынша жұмыстарды күшейту қажет.

Былтырғы жылмен салыстырғанда жекелеген мүшелік ұйымдарда қоғамдық бақылауды жүзеге асыруда жұмыстардың қарқындылығы байқалады: Павлодар облыстық ұйымында (тексеру саны **327/206**), Қызылорда облыстық ұйымында (**191/80**), Абай облыстық ұйымында (**67/18**), Жетісу облыстық ұйымында, «Ұстаз» Алматы қалалық ұйымында (**27/16**).

Барлық кәсіподақ ұйымдарының ішінде қоғамдық бақылау жүргізу бойынша ең көп пайыздық қамту үлесі: Жамбыл – **64,1%** (521/813), Павлодар – **55,8%** (327/586), Ақтөбе – **40,3%** (246/610), Қызылорда – **33,4%** (191/572) Қарағанды – **29,4%** (132/449), Атырау – **24,6%** (104/423) облыстары мен Астана қаласында **21,7%** (50/230).

Ұйымдарда қоғамдық бақылау жүргізгендердің ең төменгі үлесін атап өтетін болсақ: Түркістан обл. – **1,5%** (3/196), Маңғыстау обл. – **4,6%** (15/327), Жетісу обл. – **8%** (38/477), Ақмола облысында – **8,7%** (66/757) және Шымкент – **8,3%** (8/96), Алматы «Ұстаз» қалалық ұйымдарында – **5,9%** (27/455).

Сонымен, есепті жылда еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу бойынша республикадағы жалпы қамту саны – **25,2%** құрайды.

Бұл келтірілген деректер мүшелік ұйымдардың қызметкерлердің еңбек құқықтарының бұзылуының алдын алу және жолын кесу үшін еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығын толық пайдалана алмай отырғанын көрсетеді.

Құқықтық қызмет тиімділігін сипаттайтын негізгі сапалық көрсеткіштердің бірі – заңсыз ұсталған немесе кәсіподақ мүшелеріне төленбеген, қайтарылған ақшалай қаражаттар сомасы, ол есеп беру жылында **694 928 734** теңгені құрады және құқықтық қызметтің экономикалық тиімділігі, бұл сома **1 023 075 811** теңгені құрады.

Қызметкерлерге ең көп қаражат қайтарған мүшелік ұйымдар: Павлодар облысы – **225 502 794** теңге, қайтарылған ақшалай қаражаттың жалпы сомасының **32,4 %**, Жамбыл облысы – **110 279 424** теңге (**16,1%**), Абай облысы – **89 410 500** теңге (**13,0%**), Маңғыстау облысы - **74 596 100** теңге (**11%**), «Ұстаз» Алматы қалалық ұйымы - **65 334 338** теңге (**9,4%**) және Қызылорда облысы - **45 062 000** теңге (**6,5%**).

Есепті жылы жұмыс жасайтын 1 кәсіподақ мүшесіне шаққандағы жалпы экономикалық тиімділік **1 790** теңгені құрайды. Өңірлер бойынша ең көп тиімділік Павлодар – **6 463** теңге, Жамбыл – **6 196** теңге, Абай – **3 570** теңге, Маңғыстау – **2 633** теңге, Түркістан облыстарында – **1 119** теңге, Астана – **2 140** теңге, Алматы «Ұстаз» қалалық ұйымдарында – **1 718** теңге болды.

Қазақстан Республикасының «Кәсіподақтар туралы» Заңына сәйкес кәсіподақтар кәсіподақ мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауаттылығын, оның ішінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздерін, сондай-ақ ұжымдық шарттың, келісімнің ережелері, келісу комиссиясының жұмысы, еңбек даулары бойынша келіссөздер жүргізу және мәмлеге келу дағдыларын дамыту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндетті.

Кәсіподақтарға жүктелген міндеттерді іске асыруда білікті заңгерлік қолдаусыз мүмкін емес. Мысалы, есепті жылдың деректері бойынша 1 құқықтық еңбек инспекторына (заңгерге) **12 428** (571681/ 46) жұмыс істейтін кәсіподақ мүшесі келеді, яғни бір заңгер орта есеппен **12 428** сала қызметкеріне заң көмегін көрсетеді.

Өңірлер бойынша ең үлкен салмақ Алматы қалалық "Ұстаз" ұйымының құқықтық жұмыс жөніндегі маманына – **38 024** кәсіподақ мүшесі, Ақмола – **35 407**, Батыс Қазақстан – **35 139**, Павлодар – **34 890** кәсіподақ мүшесінен келсе, Жамбыл облыстық ұйымында құқықтық жұмыс жөніндегі бір маманға **5 026** кәсіподақ мүшесінен келетінін атап өткен жөн.

Құқықтық оқыту.

Кәсіподақ белсенділерін, жұмыс берушілер өкілдерін және оқытудан өтушілердің басқа санаттарын құқықтық оқыту қызметкерлердің - кәсіподақ мүшелерінің құқықтарының бұзылуының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстың құрамдас бөлігі болып табылады.

Еңбек заңнамасын бұзудың басым бөлігі жұмыс берушілердің құқықтық сауаттылығының төмендігіне байланысты жіберіледі. Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтар негізінде барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары кәсіподақ қызметкерлерін оқытуға ғана емес, білім беру ұйымдарының басшыларын оқытуға да назар аударуы тиіс. Ондай жұмыс тәжірибемізде бар. Бұл, яғни жұмыс берушілер мен олардың өкілдерін оқыту Жамбыл, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Түркістан, Бастыс Қазақстан облыстары мен Астана қаласында жүйелі түрде өткізілуде. Өткен жылы Кәсіподақтың Орталық комитетінің мамандары ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілдерімен бірге Түркістан, Бастыс Қазақстан облыстарында және Қостанай өңірінде облыстық білім беру басқармасы өкілдерінің қатысуымен семинарлар өткізді. Орталық комитет аппаратының құқықтық қызметімен және мүшелік ұйымдармен құқықтық сұрақтар бойынша **73** әдістемелік нұсқаулықтар әзірленді. «Еңбек қатынастарын реттеудегі әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің рөлі», «Еңбек даулары, олардың туындау себептері», «Келісу комиссиясында еңбек дауын шешу тәртібі», «Білім беру саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі», «Халықтың декреттелген тобын

гигиеналық оқыту және оны өткізу тәртібі», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру», «Білім беру ұйымдары үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар» сияқты әдістемелік құралдар мен ұсынымдар үлкен қызығушылық тудырды.

Мүшелік ұйымдар мен Орталық Комитеттің аппараты қызметкерлері – кәсіподақ мүшелері мен жұмыс берушілер арасында еңбек заңнамасының негіздерін, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек жанжалдарында мәмлеге қол жеткізуді түсіндіру мақсатында бірлескен **184** семинарлар мен тренингтер өткізді.

Есепті жылы Орталық Комитет аппараты мүшелік ұйымдардың кәсіподақ белсенділерімен, қалалық, аудандық ұйымдардың, жоғары оқу орындарының төрағалары үшін бірқатар семинарлар мен кеңестер өткізді.

Семинарлар мен кеңестерге еліміздің барлық өңірлерінен Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының құқықтық қызмет қызметкерлері мен техникалық инспекторлары, сондай-ақ әлеуметтік әріптестер – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің педагогикалық кадрлармен жұмыс жөніндегі департаментінің, министрліктің Қаржы және бюджеттік жоспарлау департаментінің бас сарапшылары қатысты.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің өкілдерімен білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілер, оларға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар талқыланды. Талқылау кезеңінде құқықтық қызмет мамандары Министрлік өкілдерінен педагогтарды аттестаттау, білім беру ұйымдары басшыларының ротациясы, еңбекақы төлеу, т.б. жұмыс барысына қатысты қызықтыратын сұрақтарына толыққанды жауаптарын алды.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының жоғары оқу орындарының бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен екі күндік семинар-кеңес өтті.

Семинар-кеңес қатысушыларының алдында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері мен Кәсіподақтың Орталық Комитет аппаратының мамандары сөз сөйлеп, кәсіподақтың ұйымдастыру және құқықтық қызметіндегі өзекті мәселелер туралы айтып, жұмыс тәжірибелерімен бөлісті.

Келісу комиссияларының мүшелерін оқыту ерекше назар аударуды талап етеді. Еңбек заңнамасымен оларды жүйелі оқытудан өтуге міндеттелген, бірақ оларды кім оқыту керектігі белгіленбеген.

Орталық Комитет Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне жұмыс берушілерге осы міндетті жүктеуге қатысты норма енгізу туралы ұсыныс енгізді. Кәсіподақ 2024-2026 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімге осы мәселені енгізу арқылы заңнамаға қажетті норма енгізілгенге дейін оқыту миссиясын өз мойнына алды.

Кәсіподақ мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу міндетін орындай отырып, сонымен қатар Кәсіподақ келісу комиссияларының мүшелерін оқытуды және оларға

сертификаттар беруді жүргізуде. Бұл институттың маңыздылығын көтеріп, жеке еңбек даулары бойынша білікті іс жүргізуді қамтамасыз етуі қажет.

2023 жылы Орталық Комитет аппаратының мамандарымен **1 427** келісу комиссияларының мүшелері оқытылды, оның ішінде: Жетісуда – 658, Түркістанда – 564, Шымкентте – 193 және Қостанай өңірлік университетінде – 12.

Осы есепті жылда Павлодар, Жамбыл, Ақтөбе облыстарындағы мүшелік ұйымдардың мамандары **3 500** келісу комиссияларының мүшелерін оқытса, Абай облысында **2 180** және Астана қаласында **522** адам оқытылды. Осындай тәжірибені өзге де мүшелік ұйымдардың жүзеге асырғаны дұрыс болар еді.

Нормашығармашылық қызмет

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары өз өкілеттіктері шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар дайындауға қатысады. Кәсіподақ органдары нақты құқықтық акт бойынша дәлелді пікір қалыптастыра отырып, Кәсіподақ мүшелерін нормативтік актінің күшіне енуінің жағымсыз салдарынан қорғау мақсатында оған сараптама және терең талдау жүргізеді.

Есепті жылы Кәсіподақтар федерациясының жұмыс тобының құрамында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің алаңында салалық кәсіподақ мамандары ҚР «Еңбек мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», ҚР «Кәсіподақтар туралы» заңдарының жобаларын әзірлеумен айналысты.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі жанындағы жұмыс тобына мүшелік ұйымдармен бірлесе отырып, қабылданған нормативтік құқықтық актілерді, атап айтқанда педагогтарды аттестаттау Ережесі, білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидалары, білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі және т.б. талдау бойынша ұсыныстар пакеті дайындалды.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалық кәсіподағының Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімі